**TÜRKİYE MEN KAZAKİSTAN ARASINDAKİ SAUDA KÖLEMİ 2008 YILLY JALPY TƏUELİSİDİKTEN BERT EŇ JOFARY KƏPSETKİŞTİŇ BİPİ 3,2 MİLYAR DOLLARFA JETTİ**



(ИЫҰ), Еуропадағы Қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы (ЕҚЫҰ), Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңес (АӨСШК), Түркітілдес мемлекеттер ынтымақтастық кеңесі (Түркі кеңесі) және т.б. ұйымдардың шеңберінде етене жақын қарым-қатынастарды жалғастыруда.

Саяси тұрғыдан етене жақын байланыс әлбетте экономикадан бастап мәдениет пен өнерге дейінгі түрлі салалардағы қарым-қатынастардың да нығайып дамуына қолайлы жағдай жасады. Екі мемлекеттің сауда-саттық үрдістерін салыстырғанда, Түркия мен Қазақстанның экспорттық және импорттық құрылымдарының үйлесімді екенін көруге болады. 2018 жылы 2,17 млрд. долларға өскен сауда көлемі Түркияның Орталық Азия елдерімен сауда қатынастары ішіндегі ең жоғары көрсеткіштердің бірі болып табылады (UN Comtrade, 2019). Түркия мен Қазақстан арасындағы екіжақты сауда көлемінің даму үдерісінде сауда-саттықты жеңілдету мақсатында мемлекеттер арасында көптеген сауда келісім-шарттары жасалған. Бұлардың ішінде 1995 жылы қол қойылған Қосарланған салық салуды болдырмау келісім-шарты өнеркәсіптердің Түркияға да, Қазақстанға да салық төлемдерін жасаудан босатып, оларды қосымша шығындардан құтқарып, оңтайлы шарттар шеңберінде бизнестерін жүргізуіне мүмкіндік жасайды. 1996 жылы қолданысқа енген Екіжақты инвестицияларды көтермелеу және қорғау бойынша келісім-шарт екі мемлекет кәсіпкерлерінің басқа елде сенімді түрде инвестиция жасауына жол ашады. Бұдан бөлек, осы екі келісім-шарттың артында 1997 жылы Сауда және экономикалық ынтымақтастық келісім-шарты елдер арасындағы

олмуştur. Çünkü burada güvenlik, ekonomi, tarım gibi kritik öneme sahip alanlarda imzalanmış 5 anlaşma ile ilişkilerin geliştirilmesinde ekonominin yanında diğer sektörler de kapsama alınmıştır. Bunlardan ekonomi alanı ile ilgili olan, “Yeni Sinerji Ortak Ekonomi Programı” 2018-2020 Eylem Planı ile iki ülke yöneticileri, ticaret ve yatırım ilişkilerinin güçlenmesini amaçlamışlardır. Eylem planına ait yol haritası içerisinde ticaret, yatırım, turizm, tarım ve sanayi sektörlerinin başta geldiği toplam 68 madde bulunmakta olup, bunların 56 maddesi bu alanların geliştirilmesine yönelik plan ve projelerden oluşmaktadır. Bu doğrultuda “Yeni Sinerji Ortak Ekonomi Programı” 2018-2020 Eylem Planı kapsamında bugüne kadar çeşitli alanlarda 95 proje hayata geçirilmiştir. İki ülke arasındaki işbirliğini güçlendirmeye yönelik atılan adımlardan en sonuncusu ve aynı zamanda önemlilerinden birisi, Kasım 2019’da İstanbul’da gerçekleştirilen Türkiye-Kazakistan İş Forumu’dur. Forumdaki görüşmeler sırasında toplam maliyeti 1 milyar dolar olan sanayi altyapısını geliştirme odaklı 35 yeni projenin başlatılması da planlanmıştır (Kazakistan Dışişleri Bakanlığı, 2019).

Özetle, Türkiye ve Kazakistan arasındaki tica-

сауда көлемі мен инвестициялардың артуына қолайлы шарттарды қалыптастырып, екі ел кәсіпкерлерінің басқа мемлекетке сенімді түрде инвестиция жасауына және сауда байланыстарының дамуына септігін тигізді (Шимшек және т.б., 2018).

Осы келісім-шарттарды негізге ала отырып жүргізілген ауқымды шаралар Түркия мен Қазақстан арасындағы сауда байланыстарының арту көрсеткіштеріне мықты үлес қосып, 2008 жылғы жалпы сауда көлемі тәуелсіздіктен бергі ең жоғары көрсеткіштің бірі 3,2 млрд. долларға жетуіне мүмкіндік жасады (UN Comtrade, 2019). Алайда жаһандық қаржы дағдарысы әсер еткен сауда көлемі 2009 жылы айтарлықтай төмендеп 1,7 млрд. долларды құрағанына қарамастан, жылдам қайта қалпына келтіріліп 2010-2015 жылдар арасында 2,5 млрд. доллар мен 3 млрд. доллар арасында көрсеткіш көрсеткен (UN Comtrade, 2018). Осы орайда, екі мемлекет арасында 2010 жылы қол қойылған Стратегиялық серіктестік келісім-шарты мен 2012 жылы Түркия-Қазақстан арасындағы 2012-2015



ри ілішкilerin, herhangi bir uluslararası оlaydan еtkilenmediği сүреce үйкselіш еğilimini devam ettirdiği гөрүlmekte-dir. Aksi durumda ise үлкelerin ilgili bakanlıkları arasında gerekli adımların atılmakta olduđu гөрүlebilir. Bu nok-tada, 2009 yılındaki “Stratejik Ortaklık Anlaşması” ile 2012-2015’deki “Yeni Sinerji Ortak Ekonomi Programı” ve devamı niteliğinde olan “Yeni Sinerji Ortak Ekonomi Programı” 2018-2020 Eylem Planı gibi adımlar, ekonomik ілішкilerin geliştirilmesine katkı sağ-lamaktadırlar. Bugüne kadar hayata geçirilen inisiyatiflerin ticari ілішкilerde yaşanan sorunların çözümünde etkin rol oynayabildiği гөрүlmekte olup, önümüzdeki dönemde iki үлке ara-sındaki ekonomik ілішкilerin daha da güçlenebileceğini söyleyebiliriz.

Kaynak:

1. Kazakhstan Dışışler Bakanlığı (2019). Kazakhstan Ükimet Başsısı A. Mamin Türkiyаgа Saparmen Bardı (Kazakistan Hükümet Başkanı A. Mamin’in Türkiye Ziyareti Gerçekleşti). Alınan Yer: <http://mfa.gov.kz/kz/content-view/-1293?fbclid=IwAR3wsM4ZN6rgCeCGVBMRDxX6qLDVOjIwSvW2skSk8p1JfVqxxYA-fOGJnI54M>. Erişim Tarihi: 18.11.2019.
2. Şimşek Nevzat, Canaltay Cengizhan, Şimşek Hayal Ayça (2018). Türkiye ve Kazakistan’ın Ticari İlişkilerinin Mevcut Durumu ve Geleceğe Yönelik Beklentiler. Alınan Yer: [http://www.ayu.edu.tr/yayinlar/buyuk\\_bozkir.pdf](http://www.ayu.edu.tr/yayinlar/buyuk_bozkir.pdf). Erişim Tarihi: 11.12.2019.
3. United Nations Comtrade Database (2019). Alınan Yer: <https://comtrade.un.org/data/>. Erişim Tarihi: 06.12.2019.
4. Kazakhstan Dışışler Bakanlığı (2019). Glavı MİD Kazakhstana i Turtsii Obsudili Perspektivy Dvustoronnego Sotrudnicestva (Kazakistan ve Türkiye Dışışler Bakanları İkili İşbirliğinin Perspektiflerini Görüştü). Alınan Yer: <http://www.mfa.kz/ru/content-view/glavy-mid-kazakhstan-i-turcii-obsudili-perspektivy-dvustoronnego-sotrudnicestva>. Erişim Tarihi: 18.11.2019.
5. Şimşek Nevzat, Canaltay Cengizhan, Şimşek Hayal Ayça (2018). Türkiye ve Kazakistan’ın Ticari İlişkilerinin Mevcut Durumu ve Geleceğe Yönelik Beklentiler. Alınan Yer: [http://www.ayu.edu.tr/yayinlar/buyuk\\_bozkir.pdf](http://www.ayu.edu.tr/yayinlar/buyuk_bozkir.pdf). Erişim Tarihi: 11.12.2019.
6. United Nations Comtrade Database (2018). Alınan Yer: <https://comtrade.un.org/>. Erişim Tarihi: 11.12.2019.



**EKİM 2018’DE GERÇEKLEŞTİRİLEN TÜRKİYE-KAZAKİSTAN YÜKSEK DÜZEYLİ STRATEJİK İŞBİRLİĞİ KONSEYİ’NİN (YDSK) III. TOPLANTISI, İLİŞKİLERİN GELECEĞİ AÇISINDAN OLDUKÇA ÖNEMLİ ANLAŞMALARIN İMZALANDIĞI BİR TOPLANTI OLMUŞTUR**

**2018 ЖЫЛДЫҢ ҚАЗАН АЙЫНДА ӨТКІЗІЛГЕН ТҮРКІЯ-ҚАЗАҚСТАН ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙЛІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ КЕҢЕСІНІҢ 3-ШІ ОТЫРЫСЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРДЫҢ БОЛАШАҒЫ ТҰРҒЫСЫНАН БАРЫНША МАҢЫЗДЫ КЕЛІСІМ-ШАРТТАРДЫҢ ҚОЛ ҚОЙЫЛУЫМЕН ЕРЕКШЕЛЕНДІ**



жылдарға арналған «Жаңа синергия Ортақ экономикалық бағдарламасы» әрекеттер жоспарына қол қойылып, қолданысқа енуі арқылы екі елдің фирмалары түрлі салалар бойынша инвестиция салып сауда көлемінің артуына үлес қосты. Алайда 2015 жылдан кейін екі ел арасындағы сауда көлемі қайтадан төмендеп, 2018 жылы 2,18 млрд. доллар болған (UN Comtrade, 2019). Мұның басты себептері 2015 жылы, әсіресе Қазақстан бастан кешірген экономикалық дағдарыс, мұнай бағаларының төмендеуі және Қазақстанның Еуразия экономикалық одағына мүше болуы деп атап өтуге болады.

Түркия мен Қазақстан экономикалық қарым-қатынастың тұрақтылығын басты назарда ұстап, сол бағытта үнемі жоғары деңгейлі кездесулер ұйымдастырып отырады. Бұлардың ішінде 2018 жылдың қазан айында өткізілген Түркия-Қазақстан Жоғары деңгейлі стратегиялық ынтымақтастық кеңесінің 3-ші отырысы қарым-қатынастардың болашағы тұрғысынан барынша маңызды келісім-шарттардың қол қойылуымен ерекшеленді. Себебі бұл жерде қауіпсіздік, экономика, ауыл шаруашылығы сияқты аса маңызды салалар бойынша қол қойылған 5 келісім-шарт арқылы байланыстарды дамытуда тек экономика саласымен шектеліп қалмай, басқа да салалардың дамуына мүмкіндік жасалды. Осының ішінде экономика саласын алып қарайтын болсақ, «Жаңа синергия Ортақ экономикалық бағдарламасы» 2018-2020 жылға арналған іс-әрекет жоспары арқылы екі мемлекеттің басшылары сауда және инвестиция саласындағы байланыстардың күшеюін мақсат тұтуда. Іс-әрекет жоспарының жол картасы жалпы 68 бөлімнен тұрады, оның ішінде сауда, инвестиция, туризм, ауыл шаруашылығы және өнеркәсіп са-

ласы басты орында болса, 56 бөлім осы салаларды дамытуға бағытталған жоспарлар мен жобалардан тұрады. Осы бағытта «Жаңа синергия Ортақ экономикалық бағдарламасы» аясында осы күнге дейін түрлі салалар бойынша 95 жоба жүзеге асырылған. Екі ел арасындағы ынтымақтастықты арттыруға арналған қадамдардың ішінде ең соңғы маңызды мысалдардың бірі ретінде 2019 жылдың қарашасында Ыстамбұлда өткен Түркия-Қазақстан бизнес форумын атап көрсетуге болады. Форумдағы кездесулер барысында жалпы құны 1 млрд. долларды құрайтын өндіріс инфрақұрылымын дамытуды көздейтін 35 жаңа жобаны бастау жоспарланған (Қазақстан СІМ,



**“YENİ SİNERJİ  
ORTAK EKONOMİ  
PROGRAMI” 2018-  
2020 EYLEM PLANI  
KAPSAMINDA  
BUGÜNE KADAR  
ÇEŞİTLİ ALANLARDA  
95 PROJE HAYATA  
GEÇİRİLMİŞTİR**

2019).

Қысқаша, Түркия мен Қазақстан арасындағы сауда қатынастары қандай да бір халықаралық оқиғалар әсер етпейінше ілгерілеп отырғанын байқауға болады. Басқаша жағдайда, екі елдің тиісті ведомстволары тарапынан қажетті қадамдар жасалып жатқанын көреміз. Осы орайда 2010 жылғы Стратегиялық серіктестік, 2012-2015 жылдардағы «Жаңа синергия Ортақ экономикалық бағдарламасы» және оның жалғасы болып саналатын «Жаңа синергия Ортақ экономикалық бағдарламасы» 2018-2020 тәрізді қадамдар экономикалық қатынастарды жақсарту мақсатында көзделген сауда көлемін ұлғайту үдерісін тиімді түрде жүзеге асырып келеді. Бүгін-



де дейін іске асырылған бастамалардың сауда байланыстарында кездескен қиындықтарды шешуде ықпалды рөл ойнағанын байқауға болады және алдағы уақытта да экономикалық қатынастардың бұдан әрі нығая түсетінін айтуға болады.

Дереккөз:

1. Қазақстан Сыртқы істер министрлігі (2019). Қазақстан Үкімет басшысы А.Мамин Түркияға сапармен барды. Сілтеме: <http://mfa.gov.kz/kz/content-view/-1293?fbclid=IwAR3wsM4ZN6rgCeCGVBMRdX6qLDVOjIwSvW2skSk8p1JfVqxxYAfOGJnl54M>. Қаралған уақыты: 18.11.2019.
2. Шимшек Невзат, Жаналтай Женгизхан, Шимшек Хайал Айча (2018). Түркия мен Қазақстанның сауда байланыстарының қазіргі жағдайы мен болашаққа қатысты болжамдар. Сілтеме: [http://www.ayu.edu.tr/yayinlar/buyuk\\_](http://www.ayu.edu.tr/yayinlar/buyuk_)

**ОСЫ БАҒЫТТА  
«ЖАҢА  
СИНЕРГИЯ ОРТАҚ  
ЭКОНОМИКАЛЫҚ  
БАҒДАРЛАМАСЫ»  
АЯСЫНДА ОСЫ  
КҮНГЕ ДЕЙІН ТҮРЛІ  
САЛАЛАР БОЙЫНША  
95 ЖОБА ЖҮЗЕГЕ  
АСЫРЫЛҒАН**



bozkir.pdf. Қаралған уақыты: 11.12.2019.

3. United Nations Comtrade Database (2019). Сілтеме: <https://comtrade.un.org/data/>. Қаралған уақыты: 06.12.2019.
4. Қазақстан Сыртқы істер министрлігі (2019). Главы МИД Казахстана и Турции обсудили перспективы двустороннего сотрудничества (Қазақстан мен Түркия Сыртқы істер министрлері екіжақты ынтымақтастықтың келешегін талқылады). Сілтеме: <http://www.mfa.kz/ru/content-view/glavy-mid-kazakhstan-i-turcii-obsudili-perspektivy-dvustoronnego-sotrudnicstva>. Қаралған уақыты: 18.11.2019.
5. Шимшек Невзат, Жаналтай Женгизхан, Шимшек Хайал Айча (2018). Түркия мен Қазақстанның сауда байланыстарының қазіргі жағдайы мен болашаққа қатысты болжамдар. Сілтеме: [http://www.ayu.edu.tr/yayinlar/buyuk\\_bozkir.pdf](http://www.ayu.edu.tr/yayinlar/buyuk_bozkir.pdf). Қаралған уақыты: 11.12.2019.
6. United Nations Comtrade Database (2018). Сілтеме: <https://comtrade.un.org/>. Қаралған уақыты: 11.12.2019.



**8 KASIM 2019 TARİHİNDE AVRASYA ARAŞTIRMA ENSTİTÜSÜ MÜDÜR YARDIMCISI DR. SUAT BEYLUR, "KAZAKİSTAN'DA DİN-DEVLET İLİŞKİLERİ" BAŞLIKLİ SEMİNER VERDİ.**

2019 ЖЫЛДЫҢ 8 ҚАРАШАСЫНДА ЕУРАЗИЯ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ ДИРЕКТОРЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ ДОКТОР СУАТ БЕЙЛУР «ӘЛЕУМЕТТІК ӨЗГЕРІС ҮДЕРІСІНДЕ ҚАЗАҚСТАНДА ДІН МЕН МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ» ТАҚЫРЫБЫНДА СЕМИНАР ӨТКІЗДІ.

Dr. Suat Beylur, 1991-2017 yılları arası dönemi kapsayan "Sosyal Değişim Sürecinde Kazakistan'da Din-Devlet İlişkileri" adlı araştırmasını sunumunda, bağımsızlık sonrası dönemde Ka-

Доктор Суат Бейлур 1991-2017 жылдар аралығындағы кезеңді қамтитын «Әлеуметтік өзгеріс үдерісінде Қазақстанда дін мен мемлекеттің қарым-қатынасы» атты баяндамасында тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңдегі дін мен мемлекеттің ара-қатынасын зерттеу әдістері мен тәсілдерін қарастырды. Бұл қарым-қатынасты тарихи тұрғыдан зерттеп, оған әсер ететін қазіргі факторларды анықтау өте маңызды екенін айтты.

Доктор Бейлур дін-мемлекет қарым-қатынасы қазіргі мағынада болмаса да, саяси тұрғыдан ұйымдастырылған ежелгі қоғамдардың / ұлттардың тарихынан бастау алатынын, бұл қатынастарға географиялық фактордан бөлек басқа да ішкі және сыртқы факторлардың әсер ететінін атап өтті. Әсіресе, Қазақстан орналасқан аймақта дін-мемлекет-қоғам қатынастарында көптеген өзгерістер орын алғанын, сондықтан бұл байланыстарға көптеген факторлар әсер еткенін тілге тиек етті.

Сөзін жалғастыра отырып Бейлур, тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңдегі Қазақстанда дін мен мемлекеттің қарым-қатынасына исламға





zakistan'da din-devlet ilişkisinin araştırılmasında ve analizinde doğru yöntem ve tekniklerin yanında tarihi arka planın ve bu ilişkii etkileyen bugünkü faktörlerin birlikte değerlendirilmesinin oldukça önemli olduğunu belirterek sunumuna başladı.

Dr. Beylur, din-devlet ilişkilerinin, bugünkü anlamda olmasa dahi, siyasal olarak örgütlenmiş en eski toplumların/milletlerin tarihine kadar uzandığını, coğrafyanın yanında bir kısım iç ve dış faktörlerden etkilendiğini, özellikle Kazakistan'ın da içinde bulunduğu coğrafyada din-devlet-toplum ilişkilerinde çok farklı tecrübelerini yaşadığını ve bu nedenle söz konusu ilişkilerin çok sayıda faktörden etkilendiğini ifade etti.

Konuşmasının devamında Dr. Beylur, bağımsızlık sonrası dönemde Kazakistan'da din-devlet ilişkilerinin; İslam öncesi ve sonrası dönem, Çarlık ve Sovyetler dönemlerine ait tarihi miras, bu mirastan bir ölçüde etkilenen eğitim sistemi, liderin tutum ve söylemleri, dini ve etnik yapıdaki çeşitlilik gibi iç faktörlerin yanında Kazakistan dış siyasetinde önemli bir yere sahip olan Rusya, Çin ve bazı Batı ül-

дейінгі және исламнан кейінгі дәуірдегі, патшалық және кеңестік кезеңдегі тарихи мұра, осы мұра ықпал еткен білім беру жүйесі, көшбасшының көзқарасы мен пікірлері, діни және этникалық құрылымының әртүрлілігі сияқты ішкі факторлармен қатар, Қазақстанның сыртқы саясатында маңызды орынға ие Ресей, Қытай және кейбір Батыс елдері, аймақтық және жаһандық ұйымдар, ынтымақтастықтар мен бастамалар, Түркия, Мысыр және Парсы шығанағы елдерінен шыққан исламдық қозғалыстар, Батыс және Азия елдерінен келген миссионерлік қызмет пен диаспораның қайта оралуы (оралмандар) сияқты сыртқы факторлар әсер еткенін атап өтті.

Тарихи зерттеулерден кейін далалық зерттеулерінің нәтижелерімен бөліскен доктор Бейлур кеңестік атеистік тарихқа қарамастан, қазіргі Қазақстан қоғамында (мұсылман университет жастары арасында) тәуелсіздік алғаннан кейін діншілдік үрдісі көрініс тауып келе жатқанын, ал институционалды деңгейде, әсіресе оқу орындарында зайырлылық үрдісі айқын байқалатынын сөз етті.



keleri, bölgesel ve küresel örgütler, işbirlikleri ve girişimler, Türkiye, Mısır ve Körfez ülkeleri kökenli İslami akımlar ile genelde Batı ve Asya kökenli misyonerlik faaliyetleri ve diasporanın geri dönüşü (Oralmanlar) gibi dış faktörlerden etkilendiğini vurgulamıştır.

Tarihi arka plan ışığında yaptığı değerlendirmeler sonrasında, yaptığı saha araştırmasının bulgularını paylaşan Dr. Beylur, ateist-seküler Sovyetler geçmişine rağmen günümüz Kazakistan toplumunda (müslüman üniversite gençleri arasında) bağımsızlık sonrasında bireysel düzeyde görülen dindarlaşma trendinin devam ettiğini, buna mukabil kurumsal düzeyde özellikle de eğitim kurumunda bariz bir sekülerleşme yaşandığını belirtti.

Seminer, katılımcıların görüş alışverişinde bulunmaları ve sertifika takdimi ile sona erdi.



Семинар соңында қатысушылар пікір алмасып, институт директоры баяндамашыға сертификат табыстады.



**14 KASIM 2019 TARİHİNDE ANKARA HACI BAYRAM VELİ ÜNİVERSİTESİ'NDEN PROF. DR. FIRAT PURTAŞ "TÜRK KENEŞİ'NİN 10. YILINDA TÜRK DÜNYASI" BAŞLIKLı KONFERANS VERDİ.**

2019 ЖЫЛЫ 14 ҚАРАШАДА АНКАРА ҚАЖЫ БАЙРАМ ВЕЛИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ПРОФЕССОРЫ, ДОКТОР ФЫРАТ ПУРТАШ «ТҮРКІ КЕҢЕСІНІҢ 10 ЖЫЛДЫҒЫНДА ТҮРКІ ӘЛЕМІ» АТТЫ СЕМИНАР-КОНФЕРЕНЦИЯ ӨТКІЗДІ.

Konferans, Ahmet Yesevi Üniversitesi Avrasya Araştırma Enstitüsü'nün toplantı salonunda, Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız'ın başkanlığında, Türkiye Cumhuriyeti Almatı Başkonsolosu Sayın Ali Rıza Akıncı ve diğer misafirler katılımlarıyla gerçekleştirildi. Konferans, Avrasya Araştırma Enstitüsü Mü-

Konferans, Ahmet Yesevi Üniversitesi Avrasya Araştırma Enstitüsü'nün toplantı salonunda, Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız'ın başkanlığında, Türkiye Cumhuriyeti Almatı Başkonsolosu Sayın Ali Rıza Akıncı ve diğer misafirler katılımlarıyla gerçekleştirildi. Konferans, Avrasya Araştırma Enstitüsü Mü-

Конференция Ахмет Ясауи университеті Еуразия ғылыми-зерттеу институтының мәжіліс залында өтті. Ахмет Ясауи университетінің Өкілетті кеңес төрағасы профессор, доктор Мұса Йылдыз басшылық еткен іс-шараға Түркия Республикасының Алматы қаласындағы Бас консулы Али Рыза Акынжы және басқа да қонақтар қатысты. Конференция Еуразия ғылыми-зерттеу институтының директоры доцент, доктор Вакур Сүмердің кіріспе сөзімен басталып, профессор, доктор Фырат Пурташтың баяндамасымен жалғасты. Профессор, доктор Фырат Пурташ өз сөзін Ахмет Ясауи университеті Еуразия ғылыми-зерттеу институтының директоры доцент, доктор Вакур Сүмерге және іс-шараны ұйымдастырған барлық институт қызметкерлеріне алғыс айтудан бастады.

Профессор, доктор Фырат Пурташ баяндамасының «Түркітілдес мемлекеттер ынтымақтастығы кеңесінің «Түркі келешегі-2040» бағдарламасы және Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев» атты тақырып төңірегінде өрбитінін айтты. 2019 жылы 4 қарашада Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Түркістанға жү-







dürü Doç. Dr. Vakur Sümer'in takdim konuşması ile başladı ve Prof. Dr. Fırat Purtaş'ın konuşması ile devam etti. Prof. Dr. Fırat Purtaş, konuşmasına, Ahmet Yesevi Üniversitesi Avrasya Araştırma Enstitüsü'nün Müdürü Sayın Doç. Dr. Vakur Sümer başta olmak üzere, etkinliği düzenleyen tüm Avrasya Araştırma Enstitüsü'nün personeline teşekkürlerini sunarak başladı.

Prof. Dr. Fırat Purtaş, sunumunun, "2040 Türk Devletlerinin İşbirliği Konseyi Vizyonu ve Kazakistan'ın Kurucu Cumhurbaşkanı Nursultan Nazarbayev" konusu odaklı olduğunu belirtti. 4 Kasım 2019 tarihinde Sayın Elbaşı Nursultan Nazarbayev'in, Türkistan ziyaretindeki konuşmasında "Türkistan: Türk Dünyasının Beşiği" ifadesini kullandığını dile getiren Prof. Dr. Fırat Purtaş, Türk medeniyetinin Türkistan'dan başladığını altını çizdi. Bu bağlamda Türkistan şehrinin Güney Kazakistan bölgesinin merkezi olarak seçilmesinin, tüm Türk Dünyası adına çok önemli ve tarihi bir karar olduğunu altını çizdi.

мыс сапарымен барғанда «Түркістан – түркі әлемінің бесігі» деп тұжырым жасағанын атап өткен профессор, доктор Фырат Пурташ түркі өркениетінің Түркістаннан бастау алатынын тілге тиек етті. Бұл тұрғыда ол Түркістан қаласының Оңтүстік Қазақстан облысының орталығы болып жариялануын бүкіл түркі әлемі үшін аса маңызды тарихи шешім екенін баса айтты.

Конференция жалғасында профессор, доктор Фырат Пурташ 2019 жылдың 12 қазанында Қазақстан астанасы Нұр-Сұлтан қаласында өткен «Астана клубының» отырысында Нұрсұлтан Назарбаевтың Түркі кеңесінің болашағын қалыптастыратын бастамасы туралы ақпарат берді. Профессор, доктор Пурташ Қазақстанның бүкіл түркі әлемі мен әлем бейбітшілігіне қосқан үлесінің маңызды екенін түсіндірді. Сөздерін жалғастыра отырып, профессор, доктор Фырат Пурташ «Түркі келешегі-2040» бағдарламасының мақсаттарына жеке-жеке тоқталып өтті және бұл бағдарламадағы ең маңызды мақсаттың түркі мемлекеттері арасында

Konferansın devamında Prof. Dr. Fırat Purtaş, 12 Ekim 2019 tarihinde Kazakistan'ın başkenti Nur-Sultan'da "Astana" kulübünün toplantısında Sayın Elbaşı Nursultan Nazarbayev'in Türk Konseyi'nin geleceğini şekillendirmesi beklenen inisiyatifi hakkında bilgiler sundu. Prof. Dr. Purtaş, Kazakistan'ın, tüm Türk Dünyası'na ve dünya barışına yapmış olduğu katkılarının önemli olduğunu anlattı. Sözlerinin devamında 2040 Vizyonu'nun hedeflerine ayrıntılı olarak değinen Prof. Dr. Fırat Purtaş, bu vizyonda yer alan hedefler arasında en önemlisinin Türk Devletleri arasında Gümrük Birliği'nin gerçekleştirilmesi konusu olduğunu vurguladı. Prof. Dr. Purtaş, konuşmasını, Türk Dünyası'na ve Türk Birliği'nin oluşacağına olan inancını vurgulayarak tamamladı.

Konferans sonunda soru-cevap kısmına geçilerek katılımcılar konu üzerinde görüş alış verişinde bulunuldu. Bu kısımda, Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız ve Türkiye Cumhuriyeti Almatı Başkonsolosu Sayın Ali Rıza Akıncı birer genel değerlendirme konuşması yaptılar. Konferans programı, Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Mu-

Кеден одағын қалыптастыру екенін атап көрсетті. Профессор, доктор Пурташ түркі әлеміне және Түркі одағының құрылуына деген үлкен сенімін білдіріп, өз сөзін аяқтады.

Конференция соңында қатысушылар сұрақ-жауап бөліміне өтіп, аталған тақырып бойынша пікір алмасты. Бұл бөлімде Ахмет Ясауи университеті Өкілетті кеңес төрағасы профессор, доктор Мұса Йылдыз бен Түркия Республикасының Алматы қаласындағы Бас консулы Али Рыза Акынжы айтылған пікірлерді жалпылап, қорытындылады. Конференция бағдарламасы соңында Ахмет Ясауи университеті Өкілетті кеңес төрағасы профессор, доктор Мұса Йылдыз бен Түркия Республикасының Алматы қаласындағы Бас консулы Али Рыза Акынжы шақырылған баяндамашы, профессор, доктор Фырат Пурташқа алғыс хат пен арнайы сыйлық табыстады.

sa Yıldız ve Türkiye Cumhuriyeti Almatı Başkonsolosu Sayın Ali Rıza Akıncı'nın, davetli konuşmacı Prof. Dr. Fırat Purtaş'a teşekkür belgesi ve hediye takdim etmeleri ile sona erdi.



**20 KASIM 2019 TARİHİNDE MARMARA ÜNİVERSİTESİ'NDEN PROF. DR. İCLAL ATTILA "FİNANSTA GÜNCEL KONULAR" BAŞLIKLİ BİR SEMİNER VERDİ.**

20 ҚАРАША 2019 ЖЫЛЫ МАРМАРА УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ПРОФЕССОРЫ ИЖЛАЛ АТТИЛА «ҚАРЖЫ БОЙЫНША ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР» АТТЫ СЕМИНАР ӨТКІЗДІ.

Prof. Dr. İclal Attila seminerine kendini tanıtarak başladı. Çalıştığı alanın finans olduğunu belirterek, uzun yıllardır Marmara Üniversitesi Siyaset Bilimi ve Kamu Yönetimi Bölümü'nde öğretim üyesi olarak çalıştığını dile getirdi.

Профессор, доктор Ижлал Аттила семинарды өзін таныстырудан бастады. Зерттеу саласы қаржы екенін атап өтіп, көптеген жылдар бойы Мармара университеті Саясаттану және мемлекеттік басқару бөлімінде оқытушылық қызмет атқаратынын айтты.

Профессор, доктор Ижлал Аттила семинарында қаржы саласындағы қаржы инженериясы, «fintech» және крипто валюталар сияқты негізгі және өзекті тақырыптың негізгі тұстарына тоқталды. Ол қаржы нарығында тәуекел және кірістердің тікелей пропорционалды екенін және осы тұрғыда тәуекел неғұрлым көбірек алынса, соғұрлым көбірек үміт пайда болатынын атап өтті. «Fintech» терминін, қаржы қызметтерін оңай, жақсы сапада және жылдам көрсету мақсатында құрылған қаржы және технологияны ұштастырып бірлестірген компаниялар ретінде түсіндірген профессор Аттила технологияның дамуы, интернеттің кеңінен қолданысқа енуімен бірге қаржы саласының





Prof. Dr. İclal Atilla, seminerinde, finans sektöründeki üç temel ve güncel konuyu ana hatlarıyla açıkladı. Bunları; finans mühendisliği, “fintech” ve kripto paralar olarak ifade etti. Finansal piyasalarda risk ve getirinin doğru orantılı olduğunu, ve bu bağlamda ne kadar risk alınıyor ise o kadar beklenti oluşacağına işaret etti. Fintech kavramını - finansal hizmetlerin kolay, iyi ve hızlı verilmesi amacıyla oluşturulmuş finans ve teknolojiyi bir araya getiren şirketler olarak tanımlayan Prof. Atilla, teknolojinin gelişmesi, internetin yoğun bir şekilde hayata girmesiyle birlikte finans alanının diğer bilim dallarıyla etkileşiminin arttığını belirtti.

Seminerin devamında Prof. Dr. İclal Atilla “geleceği fiyatlamak” ifadesini açıklayarak, geleceği kim doğru fiyatlar ise, onun süreci yöneteceğini vurguladı. Sözlerinin devamında, iktisadın temel kurallarını hatırlatan Prof. Dr. İclal Atilla, dünya borsaları hakkında bahsetti. Finans sektöründe çalışan uluslararası firmalara da değinen Atilla, Türkiye’den örnekler vererek borsalarını ve genel olarak dünyada finans sektörünün geleceğine yönelik düşünceler-

ғылымның басқа да салаларымен байланысқанын айтты.

Профессор Аттила семинарының жалғасында, «келешекті бағалау» ұғымына түсініктеме беріп, келешекті кім бұрыс бағаласа соның үдерісті басқаратынын баса айтты. Өз сөзінде экономиканың негізгі қағидаларын еске түсірген профессор, доктор Ижлал Аттила әлемдегі биржалар туралы да мәліметтер берді. Қаржы секторында қызмет көрсететін халықаралық фирмалар жайын қозғап, Түркиядан мысалдар келтіре отырып биржалардың және жалпы әлемдегі қаржы секторының болашағына қатысты өз ойларымен бөлісті. Халықаралық банк ісі бойынша соңғы өзгерістерге тоқталған профессор, доктор Ижлал Аттила Қазақстан және Түркиядың банк жүйелерін салыстырмалы түрде баяндады.

Семинардың соңғы бөлімінде профессор, доктор Ижлал Аттила 2017 жылдан бастап кеңінен тарай бастаған крипто валюталардың күн





rini paylaştı. Uluslararası bankacılık sektöründeki son gelişmelere değinen Prof. Dr. İclal Attila, Kazakistan ve Türkiye bankacılık sistemlerini de karşılaştırarak anlattı.

Seminerinin son bölümünde Prof. Dr. İclal Attila, 2017 yılından itibaren popüler olmaya başlayan kripto paraların her geçen gün sayısının ve popülerliğinin arttığını ifade etti. Kripto paraların ortaya çıkışının nedenlerini anlatan sunucu, yakın gelecekte kâğıt paraların yerine kripto paraların geçeceğine yönelik görüşlerin bulunduğu belirtti.

Seminerin sonunda, konu üzerinde fikir alışverişinde bulunuldu ve Avrasya Araştırma Enstitüsü Müdürü Doç. Dr. Vakur Sümer, sunduğu değerli bilgiler için Prof. Dr. İclal Attila'ya teşekkür ederek Enstitü adına bir teşekkür belgesi takdim etti.

сайын саны мен танымалдылығы артып келе жатқанына тоқталды. Кripto валюталардың пайда болу себептерін айтып өткен баяндамашы, жақын келешекте қағаз ақшалардың орнына крипто валюталардың қолданысқа енетініне қатысты пікірлерін айтты.

Семинар соңында тақырыпқа қатысты пікірталастар жүргізілді және Еуразия Ғылыми-зерттеу институтының директоры доцент, доктор Вакур Сүмер бөліскен құнды мәліметтері үшін профессор, доктор Ижлал Аттилаға өз алғысын білдіріп, институт атынан алғыс хат тапсырды.

**21 KASIM 2019 TARİHİNDE TÜRK DİL KURUMU BAŞKANI PROF. DR. GÜRER GÜLSEVİN, AHMET YESEVİ ÜNİVERSİTESİ AVRASYA ARAŞTIRMA ENSTİTÜSÜ'NÜ ZİYARET ETTİ.**

2019 ЖЫЛДЫҢ 21 ҚАРАШАСЫНДА ТҮРІК ТІЛІ ҚОҒАМЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ ПРОФЕССОР, ДОКТОР ГҮРЕР ГҮЛСЕВИН АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІ ЕУРАЗИЯ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫНДА БОЛДЫ.

Türk Dil Kurumu Başkanı Prof. Dr. Gürer Gülsevin Almatı ziyareti kapsamında Kırşehir Ahi Evran Üniversitesi Fen-Edebiyat Fakültesi De-

Түрік тілі қоғамының төрағасы профессор, доктор Гүрер Гүлсевин Алматыға сапары аясында Кыршехир Ахи Евран университеті Жаратылыстану ғылымдары және әдебиет факультетінің деканы профессор, доктор Надир Ильханмен бірге Еуразия ғылыми-зерттеу институтында болды. Кездесу барысында институт директоры доцент, доктор Вакур Сүмер институтымыздың мақсаты мен міндетіне сәйкес ғылыми зерттеулер жүргізетінін тілге тиек етіп, институттың Еуразия аймағында, әсіресе, түркі әлемінде болып жатқан өзекті оқиғалар туралы ағылшын, түрік, қазақ және орыс тілдерінде еңбектер жазу арқылы ғылымға өз үлесін қосып жатқанын атап өтті.

Профессор, доктор Гүрер Гүлсевин аймақта орын алып жатқан өзгерістерді, әсіресе Түркия мен Қазақстан қарым-қатынастарын зерттейтін осындай институттың атажұртта құрылып, ғылыми зерттеулермен айналысуы үлкен маңызға ие екенін атап өтті және







kanı Prof. Dr. Nadir İlhan ile birlikte Avrasya Araştırma Enstitüsü'nü ziyaret ettiler. Ziyaret sırasında Enstitü Müdürü Doç. Dr. Vakur Sümer Enstitü'nün misyonu ve vizyonu doğrultusunda akademik faaliyetlerini yürüttüğünü dile getirdi. Enstitü'nün, Türk dünyası başta olmak üzere Avrasya coğrafyasında gerçekleşen güncel olaylar üzerine İngilizce, Türkçe, Kazakça ve Rusça yazılan yayınlar ile literatüre katkı sağladığını belirtti.

Prof. Dr. Gürer Gülsevin ise ata yurdu olan bu topraklarda başta Türkiye ve Kazakistan ilişkileri olmak üzere bu bölgedeki gelişmeleri takip eden bir Enstitü'nün kurularak akademik faaliyetler yürütmesinin önemine dikkat çekerek, emeği geçen herkese teşekkürlerini ilettili. Türkiye ile Kazakistan'ın arasındaki ilişkilerin çok boyutlu ve stratejik düzeyde olduğunun altını çizen Prof. Dr. Gürer Gülsevin, iki ülke arasındaki bölgesel ve uluslararası işbirliklerinin önümüzdeki yıllarda gelişmeye de-

üles қосқан барша қызметкерлерге алғыс айтты. Қазақстан мен Түркия арасындағы қарым-қатынастар көпжақты форматта және стратегиялық деңгейде екенін атап өткен профессор, доктор Гүрер Гүлсевин екі ел арасындағы аймақтық және халықаралық ынтымақтастық алдағы жылдары да дами беретініне сенім білдірді. Түрік тілі қоғамының төрағасы институт кітапханасын да аралап шығып, онда сақтаулы тұрған кітаптар туралы ақпарат алды. Сапардан кейін доцент, доктор Вакур Сүмер профессор, доктор Гүрер Гүлсевинге Еуразия ғылыми-зерттеу институтының ғылыми басылымдарын сыйға тартты.

vam edeceğine inandığını ifade etti. Türk Dil Kurumu Başkanı, Enstitü kütüphanesinde de incelemelerde bulunarak buradaki eserlerle ilgili bilgi aldı. Ziyaret sonrasında Doç. Dr. Vakur Sümer, Prof. Dr. Gürer Gülsevin'e Avrasya Araştırma Enstitüsü yayınlarından hediye etti.

**28 KASIM 2019 TARİHİNDE  
AVRASYA ARAŞTIRMA  
ENSTİTÜSÜ'NÜN UZMAN  
ARAŞTIRMACILARINDAN DR.  
ZHANDOS RANOV "KAZAKİSTAN  
CUMHURİYETİ'NDE SİGORTACILIĞIN  
GELİŞTİRİLMESİNE İLİŞKİN  
SORUNLAR" KONULU SEMİNER  
VERDİ.**

2019 ЖЫЛЫ 28 ҚАРАШАДА ЕУРАЗИЯ  
ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫНЫҢ  
АҒА ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТКЕРІ  
ЖАНДОС РАНОВ «ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНДА САҚТАНДЫРУ  
САЛАСЫНЫҢ ДАМУЫНА  
БАЙЛАНЫСТЫ МӘСЕЛЕЛЕР» АТТЫ  
СЕМИНАР ӨТКІЗДІ.

Доктор Жандос Ранов семинарында алдымен сақтандыру және қатер ұғымдары туралы жалпы түсінік беріп өтті. Көптеген дамыған елдерде сақтандыру секторы экономиканың маңызды стратегиялық секторларының бірі екенін айта келе, Ранов сақтандыру компанияларының қаржылық күші бұл компанияларды күшті қаржылық несие институттарына айналдырғанын айтты. Доктор Жандос Ранов әрбір елде сақтандыру нарығы сақтандыру компанияларының полистерін сатудан түскен қаражаттан нақты сақтандыру сыйлықақыларының көлемі негізінде есептелетінін түсіндіріп, осы мәселеге қатысты халықаралық тәжірибемен бөлісті.

Сондай-ақ, доктор Жандос Ранов Қазақстандағы сақтандыру нарығының қалыптасу және даму тарихына тоқталды. Қазақстанның сақтандыру нарығы құрылу барысында кенеттен құлдырауды бастан кешіргенін атап өткен доктор Жандос Ранов мұның маңызды себептерін түсіндірді. Бұл сала,





Dr. Zhandos Ranov, seminerinde ilk olarak ana hatlarıyla sigorta ve risk kavramlarını açıkladı. Çoğu gelişmiş ülkede sigorta sektörünün, ekonominin önemli stratejik sektörlerinden birisi olduğunu belirten Ranov, sigorta şirketlerinin finansal gücünün bu şirketleri güçlü birer finansal kredi kuruluşuna dönüştürdüğünü ifade etti. Her ülkede, sigorta piyasası, sigorta şirketlerinin poliçelerini satışından aldığı fonlardan gerçek sigorta primlerinin hacmine göre hesaplandığını açıklayan Dr. Zhandos Ranov, bu konuda uluslararası tecrübelerden bahsetti.

Dr. Zhandos Ranov, Kazakistan'da sigorta piyasasının oluşumunun ve gelişmesinin tarihini ortaya koydu. Kazakistan sigorta piyasasının kuruluş sürecinde ani bir çöküş yaşadığını belirten Dr. Zhandos Ranov, bunun önemli nedenlerini anlattı. Bu sektörün genellikle sosyal olarak önemsiz olduğu kabul edildiğinden, devletin de Kazakistan'daki sigorta endüstrisi-

әдетте, әлеуметтік тұрғыдан аса маңызды емес деп саналғандықтан, мемлекет те Қазақстандағы сақтандыру саласына жеткілікті көңіл бөлмейтінін мәлімдеді. Нәтижесінде ол сақтандыру нарығы көптеген жылдар бойы тұралап келе жатқанын атап өтті.

Баяндамасын жалғастыра отырып, доктор Жандос Ранов Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің статистикалық мәліметтерімен және Қазақстанның жетекші сақтандыру компаниялары туралы толық ақпаратпен бөлісті. 2025 жылға дейін сақтандыру саласын дамытудың жол картасы әзірленгенін атап өтіп, бұл жол картасы саланың тез және сапалы дамуына ықпал ететінін және тұтынушылардың сақтандыруға деген қызығушылығын арттыра түсетінін баса айтты.

Семинар соңында қатысушылар сұрақтар қойып, тақырып бойынша пікір алмасты.



ne yeterince dikkat etmediğini belirtti. Bunun sonucu olarak, sigorta piyasasının uzun yıllardır durgun halde olduğunu altını çizdi.

Sunumunun devamında, Kazakistan Merkez Bankası'nın istatistikî verilerine değinen Dr. Zhandos Ranov, Kazakistan'ın önde gelen sigorta şirketleri hakkında ayrıntılı bilgi verdi.

2025 yılına kadar sigorta sektörünün gelişimi için bir yol haritası geliştirildiğini dile getirecek, bu yol haritası, endüstrinin hızlı ve kaliteli gelişmesini kolaylaştıracağını ve tüketicilerin sigortacılığa ilgisinin artacağını vurguladı.

Seminerin sonunda katılımcılar sorular sorarak konu üzerinde görüş alışverişinde bulundular.





**16 АРАЛИК 2019 ТАРІНІНДЕ YUNUS EMRE ENSTİTÜSÜ MOSKOVA, AHMET YESEVİ ÜNİVERSİTESİ, GAZİ ÜNİVERSİTESİ, RUSYA BİLİMLER AKADEMİSİ ŞARKİYAT ENSTİTÜSÜ VE ÇAĞDAŞ TÜRKİYE ARAŞTIRMALARI MERKEZİ TARAFINDAN ORGANİZE EDİLEN “RUS-TÜRK İLİŞKİLERİNDE ORTAK NOKTALAR: TARİHİ-KÜLTÜREL BAĞLAMDA TÜRKİYE VE RUSYA II” BAŞLIKLII ULUSLARARASI KONFERANS DÜZENLENDİ.**

2019 ЖЫЛДЫҢ 16 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА МӘСКЕУ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ЮНУС ЭМРЕ ИНСТИТУТЫ, АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІ, ГАЗИ УНИВЕРСИТЕТІ, РЕСЕЙ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ШЫҒЫСТАНУ ИНСТИТУТЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ТҮРКІЯНЫ ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ ТАРАПЫНАН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН «РЕСЕЙ-ТҮРКІЯ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫНДАҒЫ ОРТАҚ МҮДДЕЛЕР: ТАРИХИ-МӘДЕНИ ТҰРҒЫДАН ТҮРКІЯ ЖӘНЕ РЕСЕЙ» АТТЫ ІІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ ОТТИ.

Конференцияға Түркия Республикасының Ресейдегі Өкілетті және төтенше елшісі Мехмет Самсар, Ахмет Ясауи университеті Өкілетті кеңес төрағасы профессор, доктор Мұса Йылдыз, Гази университеті ректоры профессор, доктор Ибраһим Услан, Түркияның мемлекеттік мұрағаттар басқармасының бас директоры, профессор, доктор Угур Үнал, Ахмет Ясауи университетінің ректор өкілі профессор, доктор Женгиз Томар, Ахмет Ясауи университеті Өкілетті кеңес мүшесі профессор, доктор Мухиттин Шимшек және екі елдің көптеген мамандары қатысты.

Ашылу рәсімінен кейін конференция әр түрлі тақырыптағы сессиялармен жалғасты. Конференцияда тиісінше «Ресейде түрік тілін үйрену», «Ресейде Түркияның және Түркияда Ресейдің таныстырылуы», «Ресей мен Түркияның экономикалық қатынастары», «Ресей мен Түркияның мәдени-тарихи қатынастары» атты сессиялар өткізілді. Ахмет Ясауи университеті Еуразия ғылыми-зерттеу институтының директоры доцент, доктор Вакур Сүмер конференцияның «Ресей мен Түркияның экономикалық қатынастары» сессиясында «Ресей және Түркия ынтымақтастығындағы жаңа мүмкіндіктер: жаңартылатын энергия» атты тақырыпта баяндама жасады. Конференция қорытынды жалпы отырыспен аяқталды.





Konferansa, Türkiye Cumhuriyeti Rusya Büyükelçisi Sayın Mehmet Samsar, Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Sayın Prof. Dr. Musa Yıldız, Gazi Üniversitesi Rektörü Sayın Prof. Dr. İbrahim Uslan, Türkiye Cumhuriyeti Cumhurbaşkanlığı Arşiv Başkanı Sayın Prof. Dr. Uğur Ünal, Ahmet Yesevi Üniversitesi Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz Tomar, Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Üyesi Prof. Dr. Muhtittin Şimşek ve iki ülkeden çok sayıda uzman katılım sağladı.

Konferans, açılış konuşmalarını takiben çeşitli

konu başlıklarında düzenlenen oturumlarla devam etti. Konferansta sırasıyla, "Rusya'da Türkçe Öğrenimi", "Rusya'da Türkiye'nin ve Türkiye'de Rusya'nın Tanıtımı", "Rusya ile Türkiye'nin Ekonomik İlişkileri", "Rusya ile Türkiye'nin Kültürel-Tarihi İlişkileri" başlıklı oturumlar düzenlendi. Ahmet Yesevi Üniversitesi Avrasya Araştırma Enstitüsü Müdürü Doç. Dr. Vakur Sümer de konferansın "Rusya ile Türkiye'nin Ekonomik İlişkileri" başlıklı oturumunda, "Rus-Türk İşbirliğinde Yeni İmkânlar: Yenilenebilir Enerji" başlığında bir bildiri sundu. Konferans genel değerlendirme oturumuyla sona erdi.



**20 АРАЛИК 2019 ТАРІНІНДЕ АХМЕТ  
YESEVI ÜNİVERSİTESİ AVRASYA  
ARAŞTIRMA ENSTİTÜSÜ'NDE,  
HANYANG ÜNİVERSİTESİ ASYA  
PASİFİK ARAŞTIRMA MERKEZİ  
VE CAMBRIDGE ORTA ASYA  
FORUMU'NUN İŞBİRLİĞİ İLE  
"AVRASYA'NIN KALKINMASINDA  
KURUMLAR VE BİLİM" BAŞLIKLİ BİR  
ÇALIŞTAY DÜZENLENMİŞTİR.**

2019 ЖЫЛҒЫ 20 ЖЕЛТОҚСАНДА  
АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІ  
ЕУРАЗИЯ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ  
ИНСТИТУТЫНДА ХАНЬЯН  
УНИВЕРСИТЕТІ АЗИЯ-ТЫНЫҚ МҰХИТЫ  
ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ МЕН КЕМБРИДЖ  
ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ФОРУМЫНЫҢ  
ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫМЕН  
«ЕУРАЗИЯНЫҢ ДАМУЫНДА  
ИНСТИТУТТАР ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ» АТТЫ  
СЕМИНАР-ПРАКТИКУМ ӨТТІ.

Семинар-практикумның ашылуында сөз сөйлеген Еуразия ғылыми-зерттеу институтының директоры доцент, доктор Вакур Сүмер институттың тарихы, мақсаты және ғылыми зерттеулері туралы ақпарат беріп, іс-шараға қатысқан қонақтарға алғыс білдірді және іс-шараның нәтижелі болуын тіледі.

Семинар-практикум барысында Ханьян университетінің жоба менеджері доктор Борам Шин семинар-практикумның мақсаттары мен үміттері туралы толық ақпарат берді. Кембридж Орталық Азия форумынан доктор Сидхарт Саксена Еуразияда ғылымның дамуындағы ғылыми дипломатияның рөлі бойынша жүргізілген зерттеулермен қатар, өздерінің тәжірибелері туралы баяндады.

Семинар-практикумда сондай-ақ, Орталық Азия мен Еуразияда ғылым, посткеңестік Еуразиядағы ғылыми институттардың ресурстық қолдауы, Азия халықтары үшін демократиялық ғылым және Оңтүстік Кореядағы дипломатия тарихы туралы баяндамалар жасалды.

Семинар-практикум соңында Еуразия ғылыми-зерттеу институтының директоры доцент, доктор Вакур Сүмер түрлі тақырыпта жасалған баяндамалардың ғылымға маңызды үлес қосатынын айтып, қатысушыларға алғысын білдірді және оларға институттың кейбір басылымдарын сыйға тартты.





Avrasya Araştırma Enstitüsü Müdürü Doç. Dr. Vakur Sümer çalıştayın açılış konuşmasında Enstitü'nün tarihi, amacı ve bilimsel çalışmaları hakkında bilgiler sunarak, çalıştaya katılan misafirlere teşekkür ederek verimli bir etkinlik olmasını dilemiştir.

Çalıştayın devamında Hanyang Üniversitesi'nden proje yöneticisi Dr. Boram Shin çalıştayın hedefleri ve beklentileri hakkında ayrıntılı bilgiler sunmuştur. Cambridge Orta Asya Forumu'ndan Dr. Siddhart Saxena ise Avrasya'da bilimin gelişiminde bilimsel diplomasinin rolü üzerine yapılan çalışmaların yanı sıra kendile-

→

rinin de deneyimlerinden bahsetmiştir.

Çalıştayda ayrıca, Orta Asya ve Avrasya'da bilim, Sovyet sonrası Avrasya'daki bilim kurumlarının kaynak destekleri, Asya halkları için demokratik bilim ve Güney Kore'de diploması biliminin tarihi konularında bildiriler sunulmuştur.

Çalıştayın sonunda Avrasya Araştırma Enstitüsü Müdürü Doç. Dr. Vakur Sümer sunulan çeşitli konulardaki bildirilerin literatüre önemli katkılar sağlayacağını belirterek katılımcılara teşekkür ederek enstitünün bazı yayınlarını hediye etmiştir.







## ERI Infographic No.23

## Каспий теңізіндегі қызметті реттейтін халықаралық келісімдер Hazar Denizi'ndeki Faaliyetleri Düzenleyen Uluslararası Anlaşmalar International Agreements Regulating Activities Around Caspian Sea

### International Agreements List on Caspian Sea



### Agreements on Caspian Sea among Coastal States



Source: The Information is Gathered from Different Sources Related to the Topic.

How to cite: Eurasian Research Institute, (2019). International Agreements Regulating Activities around Caspian Sea. ERI Infographics No. 23



Asya Avrupa / Азия Еуропа  
(Haber – Yorum) / (Ақпараттық сараптама)

Avrasya Araştırma Enstitüsü Yayınıdır  
Еуразия ғылыми-зерттеу институты басылымы

Aralık 2019 Sayı: 46  
Желтоқсан 2019 жыл №46